



010000, Астана , Парламент Мәжілісі

201__ жылғы “_____” _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента

«__» _____ 201__ года
№ _____

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Б. Ә. Сағынтаевқа**

2017 жылғы 14 маусымда
жарияланды

Депутаттық сауал

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Жақында Алматы қаласында полиция қызметкерлері жалғызбасты қарт адамдарды өлтіріп, олардың пәтерлерін сатумен айналысқан ұйымдасқан қылмыстық топты құрықтағандығы мәлім болды.

Қылмыс әлемінің бір «беделдісі» басқарған жиырмадан астам қарақшының ішінде бұрынғы полицейлер мен нотариустар бар болып шықты. Қазірдің өзінде тергеушілер олардың із-түзсіз жоғалып кеткен 4 адамның пәтерлерін заңсыз иемденіп, сатып жібергендігін анықтаған. Қандықол қарақшылардың осындай 45 қылмысқа қатысы бар болуы мүмкін.

Ұйымдасқан қылмыстық топ мүшелері қауқары шамалы қарт кісілерді аңдып жүріп ұстап алып, тұрып жатқан жеке меншік пәтерлерін өздерінің аттарына мұраға қалдыру туралы жазбаша өсиетке ұрып-соғып, қинап қол қойдыртып, өз орталарындағы нотариустар арқылы заңдастырып алған соң, оларды өлтіріп, мүрделерін жасырып келген көрінеді.

Осы бұрын-соңды құлақ естімеген, сұмдық қылмыс туралы хабарды қазақстандықтар жағаларын ұстай қабыл алып, әлеуметтік желілерде өздерінің орынды ашу-ызаларын білдіруде және қамауға алынған ұйымдасқан қылмыстық топ мүшелеріне барынша қатаң жаза белгілеуді талап етуде.

Міне, осындай маскара қылмысты алдағы уақытта болдырмау мақсатында мынадай ұсыныстарды енгіземіз:

1. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ішкі істер министрлігімен бірлесе отырып, Алматы қаласындағы жоғарыда айтылған аюандық қылмыстардың орын алу себептеріне талдау жасауы және соның негізінде жалғызбасты қарттар мен мүгедектердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың

мүліктерін басқа адамға мұраға беру туралы өсиетке зорлық-зомбылықпен қол қойдыру және қасақана өлтіру жолымен заңсыз иемденуге жол бермеу шараларын қарастыруға тиіс;

2. Қылмыскерлердің жалғызбасты қарт адамдар мен мүгедектердің мүліктері туралы ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін шектеу шараларын қарастыру керек;

3. Ішкі істер министрлігі бұрынғы полиция қызметкерлерін ұйымдасқан қылмыстық топқа кіруге не итермелегендігін анықтауы және ондай себептерді болдырмауға бағытталған ықпалды шараларды қолдануы, сондай-ақ полицияның жеке құрамы арасындағы тәрбие жұмыстарын күшейтуі қажет;

4. Әділет министрлігі «Нотариат туралы» Заңға сәйкес нотариустардың жасаған нотариаттық іс-әрекеттерінің заңдылығын және іс жүргізу ережелерін қатаң сақтауын бақылауды күшейткені жөн.

Осы депутаттық сауалға жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-ші бабына сәйкес жазбаша беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,
депутаттар,
«Нұр Отан» партиясы
Фракциясының мүшелері

К. Мұсырман
Б. Мамраев
Ф. Қаратаев
Ж. Омарбекова